# ZERDELI INTERNATIONAL SCHOOL



ZERDELI INTERNATIONAL SCHOOL

Зерделі ұрпақ —
сенімді болашақ!

zis.edu.kz

# Армысыздар, құрметті оқушылар және ата-аналар!




Біз сіздерді Зерделі халықаралық мектебінде көргенімізге қуаныштымыз және сіздердің білімдеріңізді дамыту бағытында жұмыс жасаймыз.

Баланың білікті болуы – ұлағатты ұстазға, бәсекелі ортаға және тума талантқа немесе тұрақты еңбекке байланысты.

Зерделінің әрбір ұстазы білікті, әрі мәдениетті маман. Біз олардың сапасын қатаң қадағалаймыз. Екіншіден, бізге келетін оқушылардың бәрі қабылдау тестінен өтетіндіктен, негізінен логикасы жоғары оқушылар, яғни бәсекелі орта бар. Үшінші мәселе, тума талант немесе тұрақты еңбек. Талант бәрімізге түсінікті. Бірақ, көптеген азаматтар балада қабілет жоқ деп, тұрақты еңбекке мән бермей жатады. Біле білсек, қабілетті дамытудың ең дұрыс жолы – төзімділік пен еңбек. Біз жүйелі түрде қызықты, әрі қиын есептерді шығару, кітап оқу, бәсекелі орта құру арқылы баланы төзімділікке, шыдамдылыққа, тұрақты еңбекке баулып, міндетті түрде нәтиже шығаруға тырысамыз!

Зерделі – математика мен логиканы, ағылшын тілі мен IT бағытын тереңдетіп оқытатын мектеп. Осы бағытта баланы дамытады. Ескеріңіз, Финляндияның білім жүйесі бойынша – әрбір бала талант иесі! Бір бала – математикаға бейім, екіншісі – тілге, үшіншісі – спортқа, басқасы – өсімдіктануға не музыкаға және т.б. Біздің мақсат – әр баладан математик жасау емес, барлық балаға жақсы логика қалыптастыру. Ал логикасы мықты адам – кез-келген саланы игеріп, мықты маман болары сөзсіз!

Қолыңыздағы буклет біздің мектептің барлық ерекшеліктері мен талаптарын қысқаша түсіндіреді.

Бәріміз бірге жастарға сапалы білім беріп, бірлігі мықты Зерделі халықаралық мектебін дамытуға тырысайық. Бізге деген сенімдеріңізге үлкен рақмет!

**Құрметпен,**
**Бас директор** **Ы. Мәуіт**


# Негізгі бағыттар




- Zerdeli Education
- Zerdeli Talent
- Zerdeli Books
- Zerdeli Digital
- Zerdeli Care

# Zerdeli Group

**Республика бойынша**
- 8 мектеп
- 50 орталық
- 25000 оқушы



# НЕГЕ ЗЕРДЕЛІ?

**Авторлық бағдарлама:**
мықты математика,
терең логика, ұлттық
танымдағы ағылшын тілі

**Үздік**
**және кәсіби**
**мамандар**
Болашақ түлектері

**Республикаға**
**танымал білім**
**жүйесі және**
**олимпиадалар**

**Зерделі отбасы,**
**Зерделі ұстаз,**
**Зерделі бала**
**жобалары**

**Zerdeli.App**
**платформасы**
**және Z-point**
**жүйесі**

**Заманауи STEM**
**зертханасы,**
**робототехника**

**Be the best,**
**travel the world!**
**Be the best,**
**win the grants!**



# Зерделі мақсаты

Қазіргі заманның ғылымы мен технологиясын игерген, өздігінен зерттеу жұмыстарын жасай білетін, ағылшын тілін еркін меңгерген, бойында ұлттық құндылығы бар, Отанына қызмет ететін – Зерделі баланы қалыптастыру

ZERDELI INTERNATIONAL SCHOOL



# Зерделі негізін қалаушылар



## Ырысбек Мәуіт

Жетістіктері:

• "Зерделі" ақыл-ой дамыту мектептері мен орталықтарының бас директоры;

• ҚР Оқу-ағарту министрі "Құрмет" грамотасының төрт мәрте иегері;

• "Үздік педагог" конкурсының жеңімпазы;

• 60 жуық халықаралық математикалық олимпиада жүлдегерлерінің ұстазы/бапкері, оның үшеуі "Алтын медаль" иегері;

• Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының тренері;

• 50 астам оқу құралының авторы.



## Өжет Мәуіт

Жетістіктері:

• "Зерделі" негізін қалаушылардың бірі;

• Халықаралық "Болашақ" бағдарламасының түлегі, Ирландияның Дублин қаласындағы Тринити жоғары оқу орнының PhD докторы;

• Бірнеше халықаралық жобалар грантының иегері;

• Назарбаев университетінің ғылыми жобалар жетекшісі;

• Ондаған ағылшын тілі оқу құралдарының авторы.

# Ең мықты ұстаздар құрамы

Әр оқушыға жанашыр, қамқор, кәсібіне адал және білікті мұғалімдер



Мұрат Қайратұлы



Калыбаев Медет



Әрін Қайса



Нұрғали Бәзікей



Қалиасқар Мағаз



Бек Беріков



Нұрболат Қазмағамбетов



Жансая Нуртазинова

# Үздік оқулықтар базасы

Үздік ұстаздардың көпжылдық тәжірибесіне негізделген авторлық оқу құралдары

100 кітап
100'000 данамен
басылып шықты

ZERDELI INTERNATIONAL SCHOOL



# Zerdeli Talent




| Алтын сақа олимпиадасы<br>3-6 сынып | Алтын түлек олимпиадасы<br>10-11 сынып | Алтын тұғыр олимпиадасы<br>Ұстаздарға |
|---|---|---|
| Қатысушылар саны:<br>250 000 | Қатысушылар саны:<br>40 000 | Қатысушылар саны:<br>15 000 |
| Жүлде қоры:<br>30 000 000 тг. | Жүлде қоры:<br>20 000 000 тг. | Жүлде қоры:<br>15 000 000 тг. |
| Ерекшелігі: тәуелсіз олимпиада, тегін қатысу, 100 балдық бағалау, III-деңгейлі (аудандық, облыстық, республикалық), логиканы дамытуға арналған, әлемдік стандарт, Зерделі мектептерінде оқу үшін жеңілдіктер | | |

## Зерделі білім стандарты

- Математика-логика 8-9 сағат
- Ағылшын тілі 4 сағат
- Relax time / кітап оқу
- Speaking club
- Зерделі отбасы
- Z-Point мотивация
- Сөмкесіз мектеп
- 3 мезгіл тамақ

## Тегін үйірмелер

- Домбыра 2 сағат 
- Шахмат 2 сағат 
- Тоғыз-құмалақ 
- Футбол және волейбол 
- Дебат, шешендік өнер 
- Арт 
- 
  Мемлекеттік жалпы мектеп бағдарламасы (стандарты) 100% қамтылады

# Грант тағайындау

| Параллель | Оқушы саны | Тесттен рекорд жасаған оқушы | Олимпиада жүлдегері | Ы.Мәуіттің жеке гранты Әлемдік 1000 бала жобасы | Жалпы грант саны / % көрсеткіш |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 сынып | 20 | - | - | - | - |
| 2 сынып | 40 | - | - | - | - |
| 3 сынып | 40 | 1-2 | 1 | 1 | 3 |
| 4 сынып | 60 | 1-2 | 1 | 1 | 4 |
| 5 сынып | 60 | 1-2 | 1 | 1 | 4 |
| 6 сынып | 60 | - | 1 | - | 1 |
| 7 сынып | 40 | 1-2 | - | 1 | 3 |
| 8 сынып | 40 | 1-2 | 1 | 1 | 3 |
| Жалпы | 360 | 10 | 5 | 5 | 18/5% |

| Ескерту | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Олимпиада жүлдегерлері жыл ішінде қосыла алады. | 2. Ы.Мәуіт гранты тест кезінде де, одан тыс та беріледі. | 3. Грант бір жылға ғана беріледі. | 4. Грант жалпы санның 5%-нан аспау керек. |

# Жеңілдіктер жүйесі

| Параллель | Оқушы саны | 50% | 30% | 20% | 10% | Жеңілдік саны/ % көрсеткіш |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 сынып | 20 | - | - | - | - | - |
| 2 сынып | 40 | 2 | 4 | 3 | 3 | 15 |
| 3 сынып | 40 | 2 | 4 | 3 | 3 | 15 |
| 4 сынып | 60 | 4 | 6 | 4 | 4 | 15 |
| 5 сынып | 60 | 4 | 6 | 4 | 5 | 15 |
| 6 сынып | 60 | 2 | 5 | 3 | 4 | 12 |
| 7 сынып | 40 | 2 | 5 | 3 | 4 | 15 |
| 8 сынып | 40 | 2 | 5 | 3 | 4 | 15 |
| Жалпы | 360 | 18/5% | 35/10% | 23/7% | 27/8% | 102/30% |

| Ескерту | | |
|---|---|---|
| 1. Зерделі мамандарының балалары 30% жеңілдікке ие. | 2. Жалпы жеңілдік осы кесте ретімен болады, жеңілдік алмаған сыныптардың жеңілдігін басқа сыныпқа қолдануға болмайды. | 3. Жалпы грант пен жеңілдік оқушылар санының 35% нан аспау керек. |

# Зерделі мектептер желісінің оқу ақысы - 2'400'000 тг.

| “ZIS Shymkent” мектебінің 2025-2026 оқу жылына бекіткен оқу ақысы - **840'000 тг.** | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 0% | 840'000 тг. | Жеңілдіксіз төлем |
| 2 | 5% | 798'000 тг. | Ата-ана бір реттік төлеммен 100% төлем жүргізсе және бір отбасынан 2-3 бала оқыған жағдайда |
| 3 | 10% | 756'000 тг. | Тест нәтижесіне, жеңілдік санына байланысты |
| 4 | 20% | 672'000 тг. | Тест нәтижесіне, жеңілдік санына байланысты |
| 5 | 30% | 588'000 тг. | Тест нәтижесіне, жеңілдік санына байланысты |
| 6 | 50% | 420'000 тг. | Тест нәтижесіне, жеңілдік санына байланысты |
| 7 | Алғашқы жарна | 90'000 тг. | Бала оқуға қабылданғаннан кейін, төленетін бір реттік төлем |

## Ескерту

Алғашқы жарна – барлық жаңадан қабылданған оқушылардың ата-анасы мектеп мүшелігіне қабылданғаны және мектепте орнын сақтап қалуы үшін төлейтін бір реттік төлем. Ол тестен өткеннен кейін 3 күн ішінде төлену керек, болмаса орны сақталмайды. Алғашқы жарнаны грантта, жеңілдікпен не ақылы оқитынына қарамастан, әрбір оқушының ата-анасы төлеуі қажет.

## Алғашқы жарнаға не кіреді?



01. Бірыңғай мектеп формасы



02. Зерделі авторлық кітаптары



03. Айлық бақылау тесттері




04. Z-Point мотивация жүйесі

# Ата-аналар міндеттері

ZERDELI INTERNATIONAL SCHOOL

- Келісімшартты мұқият оқып, талаптарын орындауға;
- Баланың денсаулық жағдайы, оның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін созылмалы аурулардың және аллергиялық реакциялардың болуы туралы толық және дұрыс ақпарат беруге. Аталған ақпарат Мектепке жазбаша түрде ұсынылмаған жағдайда, оның салдары үшін Заңды өкіл жауапты болады;
- Мектеп аумағынан тыс жерде (мектепке дейін және мектептен кейін) баланың өмірі мен денсаулығына жауапты болуға;
- Педагогтерге және Мектептің өзге де қызметкерлеріне өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде, Мектептің білім алушыларына құрмет көрсетуге;
- Шартта көзделген мерзімде ақы төлеуге;
- Бекітілген мектеп кестесіне сәйкес баланың сабаққа толық қатысуын қамтамасыз етуге;
- Білім алушы/бала Мектептің мүлкіне материалдық залал келтірген жағдайда залалды оның нарықтық құны бойынша толық көлемде өтеуге;

Зерделі ұрпақ қалыптастыру — сіз бен біздің бірлескен ісімізде!

# Ата-аналар міндеттері

ZERDELI INTERNATIONAL SCHOOL

- Педагог-кураторға/сынып жетекшісіне баланың сабақта болмау себебі туралы уақтылы хабарлауға;
- Ата-аналар жиналыстарына қатысуға, қажет болған жағдайда әкімшіліктің немесе педагогтардың шақыруы бойынша Мектепке оқу-тәрбие процесі бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу және нақты педагогикалық көмек алу үшін келуге, ұстаздарға кері байланыс жасауға;
- Парасаттылықты, толеранттылықты, академиялық адалдықты және ұлтаралық келісімді, киберкультура мен кибергигиенаны сақтауға;
- Білім алушылардың мобильді (техникалық) құрылғыларды пайдалануы бойынша талаптарды сақтауға;
- Фото және бейне түсіріліміне келісім беруге;
- Мектепке білім алушы бейнеленген фотосуреттер мен бейнелерді өз атымен толық немесе үзінді түрде, түспен немесе түссіз жариялауға, көрмеде, презентацияларда, баяндамаларда және ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де материалдарда оның бейнесі бар фотосуреттер мен бейнелерді пайдалануға толық және айрықша құқық беруге;
- Мұғалімдермен кешкі 20.00 ге дейін ғана байланысып, одан кейін мазаламауға міндетті.

Зерделі ұрпақ қалыптастыру — сіз бен біздің бірлескен ісімізде!

# Мектеп міндеттері

ZERDELI INTERNATIONAL SCHOOL

| |
|---|
| • Осы шарт жасалғанға дейін қызметтің барлық түрін қамтитын ақпаратты Заңды өкілге жеткізуге; |
| • Білім беру процесі кезінде білім алушының өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге. Білім алушының өмірі мен денсаулығына төнген қатер фактісі туындаған жағдайда, мұндай қатер факті туралы Заңды өкілге дереу хабарлау қажет;. |
| • ҚР білім туралы заңнамаларымен тыйым салынған азаматтарды оқыту-тәрбиелеу жұмысына алмауға; |
| • Уақтылы және тиісінше қызмет көрсетуге және осы Шарттың талаптарын орындауға. |

# Мектеп құқықтары

ZERDELI INTERNATIONAL SCHOOL

- Заңды өкілден және білім алушыдан осы Шартқа сәйкес міндеттерді адал және тиісінше орындауды, тәртіпті сақтауды, оқытушыларға және басқа да білім алушыларға дұрыс және құрметпен қарауды талап етуге;
- Білім алушыдан және Заңды өкілден Мектеп мүлкіне ұқыпты қарауды талап етуге. Білім алушының іс-әрекетімен материалдық залал келтірілген жағдайда, оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды Заңды өкілден өтеуді талап етуге;
- Барынша тиімді оқыту мақсатында топтарда білім алушылар контингентін дербес қалыптастыруға, жеке және топтық сыныптарды құруға, сыныптан сыныпқа ауыстыруға, басқада тәжірибелерді қолдануға;
- Білім алушы теріс мінез-құлықтар көрсетіп, Мектеп саясатын жүйелі түрде бұзатын болса, сондай-ақ Заңды өкіл Мектепке оқушыны қабылдау кезінде Мектепке қасақана жалған құжаттар немесе мәліметтер берсе, Мектеп бұйрығымен білім алушыны оқудан шығаруға;
- Заңды өкілден қызмет көрсету үшін ақы төлеуді талап етуге;
- Шарт бойынша өзінің талап ету құқығын кез келген үшінші тұлғаға толық немесе ішінара беруге, сондай-ақ берешекті өндіріп алу үшін заң кеңесшісін тартуға;
- Сабақтарды өзгерту және/немесе ауыстыру себебін көрсете отырып, Заңды өкілді немесе білім алушыны 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрінеу хабардар ете отырып, сабақ кестесін өзгертуге, сабақтарды ауыстыруға;
- Білім алушыға білім беру ұйымының басшысы бекіткен актілерде көзделген тәртіппен және шарттарда оқу бағдарламалары шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалану мүмкіндігін беруге;
- ҚР Білім саласындағы заңнамаларды, Мектеп Жарғысын, ішкі құжаттар талаптарын орындауды талап етуге құқылы.

ZERDELI
INTERNATIONAL
SCHOOL




Шымкент қаласы
М. Дулати көшесі, 203

+7 (778) 649 88 22

zis_shymkent

zis.edu.kz